

Қызылқоға ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 22 қарашадағы № 215 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 қарашада № 5101-06 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабының 1 тармағының 4-2) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) 73 тармағына сәйкес, Қызылқоға ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 09.10.2024 № 212 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қызылқоға ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қазанындағы № 184 "Қызылқоға ауданы аумағында ішкі сауда субъектілеріне автодүкендерде және (немесе) шатырларда (павильондарда) көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4777 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылқоға ауданының әкімі

К. Азмуханов

Қызылқоға ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 22 қарашадағы
№ 215 қаулысына қосымша

Қызылқоға ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

			Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (
--	--	--	---	--	--

№	Нақты орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)
1	Мұқыр ауылы, Ғ.Есенғалиұлы көшесі, № 12Б	600	"Бәйтерек" кафесі	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
2	Қаракөл ауылы, А.Құнанбаев көшесі, № 2А	450	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
3	Тасшағыл ауылы, Ж.Жабаев көшесі, № 21	600	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
4	Жангелдин ауылы, М.Лұқпанов көшесі, № 2А	400	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
5	Жангелдин ауылы, Д.Асанғалиев көшесі, № 22А	300	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
6	Сағыз ауылы, Ә.Әшіров көшесінің бойы	100	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
7	Қоныстану ауылы, Қ.Жағалбаев көшесінің бойы	40	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
8	Қарабау ауылы, Ә.Игілікұлы көшесі, № 11Б	300	"Мерейлім" кафесі	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
9	Миялы ауылы, М.Әуезов және А.Құттыбаева көшелерінің қиылысы	1200	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
10	Миялы ауылы, М.Мөңкеұлы көшесінің бойы	400	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
	Жасқайрат ауылы,			Бөлшек сауда (а у ы л	

11	Қ.Қарасартова көшесі, № 11А	150	"Анашым" мейрамханасы	шаруашылық өнімдерін сату)	5
12	Тайсойған ауылы, Ғ.Сланов көшесі, № 2	900	жоқ	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ